

MYSTIC CM1

CASE



Корпус ARDOR GAMING Mystic CM1 Minicase

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Құрметті сатып алушы, сеніміңіз үшін рахмет!

Біздің команда сіздің компьютерлік ойындарға деген құштарлығыңызбен ортақтасады, сондықтан біз сіздің ойын тәжірибеңізді геймерлерге арналған керек-жарақтараңызбен ұмытылмас ету үшін бар күшімізді саламыз. Жаңа жеңістер мен жарқын әсерлер тілейміз!

Сақтық шаралары

- Корпустың құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбеңіз.
- Корпус коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Корпус балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға корпуспен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Жинақталым

- Корпус.
- Бекіткіштер жиынтығы.
 - Аналық платаны бекітуге арналған бұрандалар және SSD — 18 дана.
 - Қуат блогы мен бейнекартаны бекітуге арналған бұрандалар — 6 дана.
 - Аналық платаны бекітуге арналған тіректер — 3 дана.
 - 3.5" HDD бекітуге арналған бұрандалар — 8 дана.
 - Пластикалық тұтастырғыштар — 5 дана.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.


Техникалық сипаттамалары

- Сауда белгісі: ARDOR GAMING.
- Үлгісі: Mystic CM1.
- Типтік өлшемі: Minicase.
- Металл қалыңдығы: 0.6 мм.
- Кеңейту слоттарының саны: 4.
- Желдеткіш контроллері: жоқ.
- Қуат блогына арналған желдеткішті қолдау: жоқ.
- HDD үшін төменгі бекіту желдеткіштерін қолдау: 2 x 120 мм.
- Жоғарғы желдеткіштерді қолдау: 2 x 120 мм.
- Төменгі желдеткіштерді қолдау: 2 x 120 мм.
- Артқы желдеткіштерді қолдау: 1 x 120 мм.
- Алдыңғы желдеткіштерді қолдау: жоқ.
- Бүйірлік желдеткіштерді қолдау: 2 x 120 мм.
- ССЖ радиаторының артқы монтаждау өлшемі: 120 мм.
- ССЖ радиаторының жоғарғы монтаждау өлшемі: 240 мм / 280 мм.
- ССЖ радиаторының бүйірлік монтаждау өлшемі: қолдау көрсетілмейді.
- ССЖ радиаторының алдыңғы монтаждау өлшемі (мм): қолдау көрсетілмейді.
- Салмағы: 3,7 кг.
- Сұйық салқындату жүйесін орнату мүмкіндігі: бар.
- 2.5" жинақтағыштар бөлімдерінің саны: 3 дана.
- 3.5" жинақтағыштар бөлімдерінің саны: 2 дана.
- Процессор салқындатқышының максималды биіктігі: 160 мм.
- Орнатылатын бейнекартаның максималды ұзындығы: 320 мм.
- Корпус материалы: металл.
- Алдыңғы панельдің материалы: шыңдалған шыны.
- Қуат көзінің форм-факторы: ATX.
- Үйлесімді тақталардың форм-факторы: Micro-ATX, Mini-ITX.
- Өлшемдері (Е x Т x Б): 276 x 339 x 330 мм.
- Желдеткіштер жинақта: жоқ.
- Қолдану саласы: тұрмыстық.

Құрастыру

Бүйірлік тақтаны алу


Бүйірлік шыны панельдегі бұрандаларды бұрап, оны көрсеткі көрсеткен бағытта сырғытыңыз.



Аналық платаны орнату

Аналық платаны корпұсқа салыңыз, бұрандалы тесіктерді тураңыз және оны суретте көрсетілгендей бұрандаларды бұрап бекітіңіз.


Ескерту: бұл корпұс Micro-ATX және Mini-ITX аналық платаларының форма факторларын қолдайды. Әр түрлі тақталардың өзіндік орнату ерекшеліктері бар — аналық платаның нұсқаулығын қараңыз.



Аналық платаны орнатуға арналған көмекші металл пластина


244 × 244 мм Micro-ATX тақтасын орнатқан кезде аналық платаны бекітуге арналған көмекші металл пластина қажет.

Пластинаны суретте көрсетілгендей орналастырыңыз және оны 3 бұрандамен суретте көрсетілген позицияларға бекітіңіз.




HDD және SSD орнату

1. Корпустың бүйірінен HDD/SSD жылжымаларын алыңыз. Бір немесе екі жинақтағышын жылжымаларға бекітіңіз.
2. Бұрандаларды (a) суретте көрсетілген тесіктерге бұрап, жылжымаларды корпусқа орнатыңыз.




3. Корпустың төменгі панелінде екі SSD жинақтағышын орнатуға болады. Мұны істеу үшін SSD-ді корпусқа салыңыз және бұрандаларды суретте көрсетілген тесіктерге бұраңыз.




Бейнекартаны орнату

PCI ұясының бір немесе бірнеше бітуіштерін (бейнекартаға байланысты) бұрап алыңыз. Бейнекартаны аналық платадағы ұяға салыңыз және оны бұрандалармен мықтап бекітіңіз.




Қуат блогын орнату

Қуат көзін (а) суретте көрсетілген күйге қойыңыз және қуат көзін артқы панельге бекіту үшін бұрандалармен бекітіңіз.



Корпусты салқындату жүйесі

- Жоғарғы панель — желдеткіш x 2 (120 мм); радиатор x 1 (240 мм); желдеткіш x 2 (140 мм); радиаторы x 1 (280 мм).
- Артқы панель: желдеткіш x 1 (120 мм) немесе радиатор x 1 (120 мм).
- Төменгі панель: желдеткіші x 2 (120 мм).
- Бүйірлік тақта (аналық платаның жағында): желдеткіш x 2 (120 мм).



Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Корпус ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Корпусты сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында температура 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Корпусты тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Корпус мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Корпусты сату жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек
- Осы корпусты кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Берілген өнімді дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз бақыланбайтын қалдықтардың нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірмеуге және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Егер корпустың ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе оны тастаңыз.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде корпустың үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі корпус сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету корпус пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Тяньбо Компьютэ Эквипмент Ко., Лтд.

Чуанье тас жолы 38, жоғары технологиялық өнеркәсіп паркі, Цунхуа ауд., Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақталымы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

